

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУЫ

Айсина Ж.Ж., «Музыкалық білім» мамандығының 4 курс студенті

Жетекшісі: п.ғ.к. Сапиева М.С.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті., Қостанай қ.

Педагогикалық қолдау өзінің бастауын екі бұлақ көзінен алады, екі тұғырға сүйенеді. Біріншісі, психологиялық әдістер және ойындар, тренингтер т.б. 80 жылдары тәжірибеге енгізіле бастаған жұмыс формалары болса, екіншісі «ынтымақтастық педагогикасы» (Ш. А. Амонашвили) сияқты танымал идеялар. Ш.А. Амонашвилидің айтуы бойынша «Педагогикалық процесс – қиындықтарды жоюдағы педагог пен оқушының достық қарым-қатынасы» [1].

80 жылдардың соңында О.Газман өтпелі кезеңдегі тәрбиенің жағдайына талдау жасай келе, тұлғаның базалық мәдениетіне қатысты өзінің идеяларын ұсынды. Ол мәдениеттің әлеуметтік және саяси өзгерістерге қарамастан сақталып қалатын негізгі тұғыры (базасы) болатындығын дәлелдеді. Бұл мәдени тұғырлар өмірдің әрқилы өзгерісінде тұлғаның бейімделіп, өзін-өзі танытып отыратын қабілетімен байланысты.

Сонымен, педагогикалық қолдау – балалардың азаматтық, адамгершілік, кәсіби айқындалуына, олардың өзінің индивидуалды ерекшеліктерін тануына септігін тигізетін; оқудағы, қарым-қатынастағы, еңбек пен шығармашылықтағы проблемалар мен олқылықтарды шешуге көмектесетін құралдар жүйесі [2, 69 б.].

Педагогикалық қолдау *әлеуметтендіру, индивидуализация* ұғымдарымен тығыз байланысты. Біздің *әлеуметтендіру* деп отырғанымыз баланы қоғамда қалыптасқан рухани, адами, кәсіби және т.б. құндылықтарға баулу. Белгілі бір нормаларды ұстануға, олардан алыстамауға үйрету.

Ал, *индивидуализация* болса, бала бойындағы басқалардан дараланып, ерекшеленіп тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттерін, қабілеттерін дамытуға, ұштауға бағытталған педагогтың іс-әрекеті. Егер сыныптағы отыз оқушының отыз түрлі мінезі, өзіне тән ерекшеліктері болатын саралап көрсек, педагогикалық қолдаудың маңызын байқаймыз [3].

«Қолдау» сөзінің тілдік мағынасы – қуаттау, демеу, яғни бір жұмысты бітіруде көмек көрсету.

Педагогикалық қолдау идеясы шетелдік педагогтардың да жұмыстарында кездеседі. Білім берудің әлемдік жүйесінде «school counseling and guidance» (мектептегі кеңес беру және жетекшілік) деген термин кеңінен танымал. Guidance сөзі кең мағынада кез келген қиын жағдайларда: шешім қабылдау, таңдау жасау, жаңа жағдайларға бейімделу т.б. көмек көрсету. Тар мағынада айтсақ, тұлғаға өзін-өзі тануында, әлемді тануда, өзінің қабілеттерін дамытуда, мамандық таңдауда көмек көрсету процесі.

Я.А. Каменский ең алғашқылардың бірі болып мектептегі оқыту-тәрбие жұмыстарында жас ерекшеліктерін ескеруді міндетті деп тапты. Ол тұңғыш рет баланы оқытуда табиғатқа сәйкестік (природосообразность) принципін қалыптастырды. Оның ойынша, табиғи құбылыстар өз уақытымен болатыны сияқты, оқыту-тәрбиелеу процесі де өз кезеңінде, кезегімен өтіп отыру керек болды. 7-11 жастағы мектеп оқушыларында іс-қимыл активтілігі байқалады. Олар өте қозғалғыш келеді, зейіні тұрақсыз болады [4].

Омыртқасы тіктеліп келеді, алайда әлдеде иілгіш, сондықтан дұрыс отырмау, денесін қисық ұстау, баланың дене бітімінің қисайып дамуына әсер етеді. Бұл жағдайда мұғалім оқушының отырысына, аппаратының қойылымына ерекше назар аударуы керек.

12-13 жасында баланың жыныстық дамуы басталады, бұл оның жылдам физикалық дамуымен байланысты. Бұл жастағы балаларда гармондардың бөлінуі жоғары дәрежеде болады. Әсіресе, жыныстық, өсу гармондары, инсулин көп бөлінеді.

Осы жаста балалардың организмі ересек өмірге бейімделеді, қолдары, аяқтары, саусақтары ұзарып, т.б. мүшелері өз дамуының жоғарғы сатысына көтеріледі.

Мектептегі балаларың үйретілген материалды қабылдауы да үйірме жұмыстарында маңызды орын алады. Қабылдау – педагогикалық процесстің маңызды іс-әрекетінің түрі болып табылады. Мектепте оқушылардың музыкалық материалды қабылдауы мұғалімнің оны қалай жуткізуіне байланысты болады. Сыныпта өтілген тақырыпты бетіте түсу үшін сыныптан тыс жұмыстарында қосымша жұмыстар атқарған жөн. Ал баланың материалды жақсы қабылдауы үшін, оқушылардың психикалық ерекшеліктерін жөнді білген дұрыс. Қабылдау процесі психология ғылымында терең зерттелген.

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар балалардың достық сезімдерін, қарым-қатынас жасау қабілетін, өздерінің ойын айтып, өз пікірін ұсына алу қасиетін дамытады.

Мектептегі музыкалық тәрбие аптасына бір ғана сабақпен шектеліп қоймауға тиіс. Сыныптан тыс музыкалық жұмыстар жақсы қосымша болып табылады. Бұл жұмыстар сыныптағы тәрбиемен тығыз байланысты болуы керек. Сыныптан тыс жұмыстарға қатысу балаларға өзінің қызығатын іс-әрекетімен көбірек, тереңірек айналысуға жол ашады. Ал мұғалімге оқушыларды музыкаға баулу, олардың өзіндік белсенділігін дамытуға ыңғайлы жағдай туады.

Үйірме – бұл ұжымдық іс-әрекет. Ұжымдық дәстүрлер баланың жүріс-тұрысын тәрбиелейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Педагогтың міндеті осы ұжым ішінде тұрақты, жағымды атмосфера қалыптастыру. Мұғалім бір оқушыға көмек беру арқылы бүкіл ұшымға жәрдемдеседі.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында мына нәрселерді естен шығармаған жөн:

– Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы оқушылардың эстетикалық-адамгершілік тәрбие алуына, музыкалық қызығушылықтарын қалыптастыруына бағытталуы тиіс.

– Әртүрлі әдістерді кеңінен қолдану балалардың шығармашылық ойлауына, дамуына, музыкалық талғамының қалыптасына септігін тигізуі керек.

Мектептегі музыкалық сыныптан тыс жұмыстар

- Хор үйірмелері
- Вокал үйірмелері
- Аспапта ойнауды үйрету үйірмелері
- Фольклорлық ансамбль
- Халық аспаптық оркестрі
- Вокалды-аспапты ансамбль
- Балалар музыкалық театр

Педагогикалық қолдаудың әдістері мен тәсілдерін жүйелеп, сыныптан тыс жұмыстарда қолдану.

Жоғарыда қойылған мақсатқа жету үшін біз алдымызға мынадай міндеттерді қойдық:

1. Балалардың вокал үйрену процесінде олардың дамуына кедергі болатын қиындықтарды нақтылау.

2. Педагогикалық қолдаудың сыныптан тыс жұмыстарында қолдануға болатын, осы жұмыстарда туындайтын жағдаяттарға сәйкес келетін әдістерді саралау.

3. Балалардың жан-жақты (психологиялық, шығармашылық, кәсіби) дамуына септігін тигізетін репертуар тандап, оған сәйкес әдістерді ұсыну.

Әр үйірме жұмысының өзіне тән жұмыс ерекшеліктері бар. Бұл оны ұйымдастыратын

педагогтың өз әдістемесіне байланысты. Біздің жұмысымызда қолданылатын педагогикалық қолдаудың әдістері оқушылардың ән айтуды үйреніп қана қоймай, жан-жақты білім алып, қазақ өнері тарихынан, басқа да салалардан түсінігі кеңейе түсуіне ықпал жасайды деп болжаймыз. Жоғарыда қойылған мақсат-міндеттер мынадай зерттеу әдістеріне жүгінуге жол ашады: теоретикалық (анализ, синтез, ғылыми әдебиеттерді саралау), эмпирикалық (бақылау, сұрақ-жауап), статистикалық (алынған нәтижелерді жүйелеу)

Тәжірибелік жұмыс бірнеше этаптардан тұрды. Әр этапта арнайы түйіндемелер жасалып, тиісті нәтижелер шығарылды.

1-ші этап. Бұл этап констатациялық этап болып табылады. Балалардың вокалды меңгеру деңгейін тексеру, оладың физикалық, психикалық, жалпымәдени білім дәрежесін белгілеу. Бұл жерде біз анкеталау, бақылау, есту қабілетіне анализ әдістерін қолданамыз. Өртүрлі деңгейдегі проблемалары бар балалардан құрылған екі топ жасақталып, біріншісін *тәжірибелік* топ, екіншісін *бақыланушы* топ деп шартты түрде белгілейміз. Бұл екі топта тіркелген мәліметтерді тәжірибе соңында салыстырамыз.

2-ші этап бірінші этаптың жалғасы болып есептеледі. Мұнда педагогикалық қолдау көрсетудің формалары мен әдіс-тәсілдерін саралау, олардың арасында біздің жұмысымызға жақын келетіндерін жіктеп көрсету керек болды.

3-ші этап қалыптастырушы этап болып табылады. Негізгі атқаратын жұмыс – таңдап алынған әдістер көмегімен педагогикалық қолдау көрсетудің жағдайын жасау.

4-ші этап. Жасалған жұмыстардың мазмұнына сәйкес жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістерін қайта қолданып, соңғы нәтижелерді белгілейміз.

5-ші этап. Тәжірибеде жинақталған барлық мәліметтерді салыстыру, олардың айырмашылықтарын атап көрсету. Педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін, оның үйірме жұмысындағы тиімділігін көрстеу.

Сонымен, мектептерде өткізілетін сыныптан тыс жұмыстар негізгі оқыту процессінің қысқа бөлігін қамтиды. Мұндай жұмыстарда балалардың шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін, өнер жайлы жалпы білімін арттыру үшін мұғалімге ширақтық пен тапқырлық таныту керек болды. Педагог қызметі аса жауапкершілікті қызмет болғандықтан, балалардың жалпы дамуына кедергі болмайтын, керісінше, оның өз талантын жетілдіруіне жағдай жасайтын әдістеме қажет.

Қазіргі күнгі мектепке шынайы көз салсақ, бұл мәселе іс жүзінде көрінбейді. Бала сыныптан тыс жұмысқа бос уақытын өткізу үшін келсе, мұғалім өзінің әдеттегі жұмысын атқарып отыр. Осының салдарынан мектептегі ең ыңғайлы саналатын жұмыс бала тәрбиесіне, оның дамуына кедергі болып отыр.

Сонымен, біздің негізгі мақсатымыз педагогикалық қолдау көрсетудің үйірме жұмысындағы тиімділігін, нәтижелілігін көрсету екенін қайталаймыз. Осы тұрғыда мектеп қабырғасында өткізілген тәжірибелік жұмысты саралай келе, мынадай түйін жасуға болады:

Сыныптан тыс жұмыстарда балалардың ән айтуды меңгеру дәрежесі артады. Көпшілік проблемалар олардың жеке физикалық қабілеттеріне байланысты болып келеді. Педагог мұндай жағдайда әр проблемаға жекелей қатынас жасап, әрқайсысының тиімді шешілу жолдарын іздестіру қажет.

Педагогикалық әдістерді таңдаған кезде педагог балалардың дамуына кедергі болатын проблемаларды жіктеп, оларды жоюға болатын тәсілдерді қолдануы керек.

Әрбір оқушының өзіне ғана тән ерекше сипаты бар. Олардың бірі екіншісіне ұқсамайды. Егер шығарма бір оқушыға жеңіл болса, басқасына ауыр болып келуі мүмкін. Бұл оқушылардың физикалық-психикалық ерекшеліктеріне байланысты. Егер бір оқушы көңілді шығармаларды ұнатса, оған осындай шығармаларды үйрену оңай болады, және керісінше. Бұл жерде шығарманың қандай орындаушылықты талап ететінін, және баланың оны орындай алу мүмкіндігін ескерген маңызды. Көп жағдайда бала шығарманың көлемінен сескеніп, үйренуге деген құлшынысын жоғалтады.

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың мәндеті көп шығарма үйрету емес, балалардың бойындағы талантын ұштап, оның оқудағы білімін жетілдіру болып табылады.

Егер педагог үйірме жұмыстары барысында репертуарды арттыру мақсатымен жұмыс жүргізетін болса, оның бұл ойы балаларға жаман әсерін тигізуі мүмкін. Әрине, репертуарды арттыру керек, бірақ, бұл мәселе екінші орынға қойылып отырғаны жөн.

Тәжірибелік жұмыс көрсеткендей педагогикалық қолдау әдістері балалардың проблемаларының азаюына, олардың бойындағы қабілеттерінің дамуына жағымды әсер етеді. Әрине, проблемаларды толық шешуге болмайды, дегенмен олардың кемуіне барынша талпыныс жасап отырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Книга 1. Улыбка моя, где ты? - М: Амрита, 2012. – 260 с.
2. Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века // Новые ценности образования. - Вып. 6. – Москва, 1996.- С. 10-37.
3. Бедерханова В.П., Демакова И.Д., Крылова Н.Б. Гуманистические смыслы образования // Проблемы современного образования, 2012, № 1. – с.16-27.
4. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: научное издание / Под ред. А. А. Красновского. - М.: Учпедгиз, 1955. - 650 с

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БИ ӨНЕРІНЕ ЫҚПАЛЫ

Ақтас Т.Қ., «Музыкалық білім» мамандығының I курс студенті

Жетекшісі: аға оқытушы **Есмаганбетова Ш.К.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті., Қостанай қ.

Би... Бұл – үлкен өнер. Ал, үлкен өнерді адамның тек көзбен көріп қана қоймай, жүрек пен сезініп, түйсінетіні ақиқат. Егер де біз, халқымыздың арғы-бергі тарихына терең зер салсақ, би өнерінің сонау ықылым заманның өзінде-ақ, қазақтың ұлттық өнерінің бір бұтағына айналғанын айқын аңғарамыз.

Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі ХХ- ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан-шәкіртке, өткеннен болашаққа жеткізіліп отырған.

Әлем дыбыстан тұрады. Табиғат тынысы–дыбыс. Қазақтың халық музыкасының ұлттық сазы мен дыбысталуы, үні өте әсем, мазмұнды болып келеді. Күй жанры мен би өнерінің байланысу жолдарына тоқталсақ,

Халық сахнасында атақты әулие – Қорқыт есімімен бастайық. Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра – қобыздық күйлер – «Қорқыт», «Желмая», «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Ұшардың ұлуы» сияқтыт.б. шығармалар қалдырды. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленеді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген.

Қазақ биінің арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным түсінігі, табиғатпен байланысы, оның философиясы. Міне, осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жатады.

Қорқыттың қобыз үні, Н.Тілендиевтің «Көш керуен» күйі, С.Мұқтарұлының «Қорқыт Ата» дастанынан алынған өлеңдері «Мәңгілік сарыны» атты хореографиялық қойылымға шабыттандырды. Бірінші көріністе – Қорқыттың қобыз ойыны, көпшілік – қобыз үнін тыңдаушылар және көр қазушылар кездесе, екіншіде – Сырдария көрінісі, қобыз тартқан Қорқыт пен оны ортаға алған жылан бейнесіндегі бишілер.

Әкелер өтті, біз бармыз.

Аталар өтті, біз бармыз.

Бабалар рухын қозғасақ, біз ғана бәлкі қозғармыз.

Өткендер өтті, көшкендер көшті

Мұны сен, Бақсым білерсің,